

Бекітемін
Илияс Жансүгіров атындағы
Жетісу университетінің
Басқарма Төрағасы, Ректор,
г.ғ.д. профессор



К. Баймырзаев

2022 ж.

Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебі

Кешенді емтихан

БАҒДАРЛАМАСЫ

- Келесі пәндер бойынша 1. Салалы материалтану және материалдарды конструкциялау технологиясы
2. Кәсіби білім беру жүйесіндегі педагогикалық менеджмент
 3. Оқушылардың бейіндік оқытуын ұйымдастыру

5B012000 Кәсіптік оқыту мамандығы
мамандығы/БББ бойынша студенттерге арналған

2021-2022 оқу жылы

Талдықорған, 20__ ж.

Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің кеңесінде қарастырылды

Хаттама № 7 «25» 03 2022ж.

БББ жетекшісі  А. Усенова

Келісілді:

Академиялық мәселелер жөніндегі
департаментінің директоры

 Н.Ашкеева

Жоғары және жоғары оқу орнынан
кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік
бөлімінің басшысы

 К.Рысбеков

Жоғары мектеб деканы

 Е. Утегенов

Университетінің Ғылыми кеңесінде бекітілген

«27» 01 2022ж. № 6 хаттама

Түсінік хат

Кешенді емтиханның негізгі мақсаты – студенттерді болашақ педагогикалық қызметке дайындаудың әдістемелік негізін қалау, жалпы білім беретін мектептерде оқушы жастармен бастауыш, кәсіптік білім мен еңбек технологиясының мектептің типтік оқу бағдарламаларының тарауларына сәйкес жемісті жұмыстар жүргізуіне, мектеп оқушыларын Республикадағы жаңаша әлеуметтік және экономикалық жағдайларда еңбекке дайындауға қажетті білім, іскерлік және дағдысын қалыптастыру.

Бағдарлама 5B012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығына оқытылатын міндетті пәндерден сарапталған маңызды сұрақтардан тұрады, ол 3 модульден қамтиды. 1-модуль: «Салалы материалтану және материалдарды конструкциялау технологиясы». 2-модуль: «Кәсіби білім беру жүйесіндегі педагогикалық менеджмент». 3-модуль: «Оқушылардың бейіндік оқытуын ұйымдастыру».

Салалы материалтану және материалдарды конструкциялау технологиясы курсын меңгере отырып, бітіруші келесі **талаптарға** жауап беруі тиіс:

- материалдардың қажетті қасиеттерімен таныстыру;
- жасанды материалдар туралы түсінік беру;
- физикалық, химиялық қасиеттерінің конструкциялық материалдар туралы ұғымдар беру;
- материалдарды мемлекеттік стандарт белгіленулеріне байланысты оқи, тани білуге үйрету;

Кәсіби білім беру жүйесіндегі педагогикалық менеджмент курсын меңгере отырып, бітіруші келесі **талаптарға** жауап беруі тиіс:

- студенттерді кәсіптік оқыту жүйесінде педагогикалық менеджменттің ғылыми теориялық негіздерімен таныстыру;
- кәсіптік білім беру жүйесінде педагогикалық менеджментті қалыптастыру;
- негізгі ұғымдармен танысу, сонымен қатар дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу бойынша қабілеттіліктерін дамыту;

Оқушылардың бейіндік оқытуын ұйымдастыру курсын меңгере отырып, бітіруші келесі **талаптарға** жауап беруі тиіс:

- мектептерді бейіндеудің өзекті мәселелерін педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде терең зерттеуді қамтамасыз ету;
- студенттерді бейіндік оқытуды ұйымдастыруда теорияларға, тұжырымдамалар мен оқыту технологияларына сүйене білулерін меңгерту;
- бейіндік оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларына жеке дара білім алу траекторияларын құру мүмкіндіктерін қолдана білуді үйрету;
- бейіндік оқытудың барлық кезеңдерінде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді үйрету;
- бейіндік оқытуды ұйымдастыруда заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды қолдануды үйрету;
- бейіндік оқытуды ұйымдастыруға және педагогикалық өзара әрекет ету қабілеттіліктерді дамыту;
- педагогикалық такт пен педагогикалық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.

Бітірушілердің білімдері мен дағдыларын бағалауда **төмендегідей өлшемдерді пайдалану ұсынылады:**

- физикалық, химиялық қасиеттерінің конструкциялық материалдар туралы ұғымдар білу;
- білім беру мекемелеріндегі басқару қызметінде басқару міндеттерін оңтайлы шешімі ретінде педагогикалық менеджменттік білімі мен іскерліктерін білу;
- мектептерді бейіндеудің өзекті мәселелерін педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде терең зерттеулерді білу;
- өз тәжірибесіндегі мысалдарды негізге ала отырып жауап беру.

1 модуль: Салалы материалтану және материалдарды конструкциялау технологиясы

1. Конструкциялық материалдардың технологиясы. Міндетті қызметіне орай машиналар бөлшектерінің конструкциялық беріктіктерін қамтамасыздандырумен бірге олардың арнайы /мысалы: электрофизикалық/ қасиеттерін мөлшерлеу қажет. Кейбір кезде міндеттелген қызметіне байланысты машиналар мен жабдықтардың бөлшектері жасалған материалдар жоғары немесе төмен /теріс/ температуралардың, жоғары вакуумның ылғалдың немесе әтүрлі агрессивтік газдар мен сұйықтардың орталығында ионизациялайтын сәулелердің ықпалдарының әсерінен өздерінің жұмыс сипаттамаларын жоғалтпауы қажет.

2. Металтану негіздері. Таза металдардың құрылысы және физикалық қасиеттері. Металтану ғылымы металдардың қасиеттерін және қорытпалардың құрамымен, құрылымын осымен орайлас туралы ілім. Қатты денелердегі байланыстардың үлгілері. Металдық байланыс үлгісі. Металдардың атомдық кристалдық құрылымы.

3. Металдар құрылысы. Металдардың кристалды торлары. Металдардың полиморфизі. Металдардың кристалдану.

4. Қорытпалардың теориясы. Қорытпа, жүйе, компонент, фаза. Фазалардың ережесі. Қатты ертінділер. Химиялық қосылыстар.

5. Пластикалық деформация. Пластикалық деформация кезінде металдың құрылысы өзгерісі. Қайта кристалдану. Пластикалық деформация кезінде металдың құрылысы.

6. Болат өндірісі. Болат өндірудің мартен әдісі. Болат өндірудің конвертерлік тәсілі. Легірлейтін болаттарды классификациялау және маркалау. Болат құрамына енетін құраушыла шойынның құрамына енетін сол құраушыла мөлшерінен әлде қайда төмен болады. Болат өндірісінің негізгі шикізаты ақ шойын болып табылады. Ақ шойын жоғары температурада оттегімен әрекеттеседі де, оның құрамындағы қоспалардың бір бөлігі газ күйінде ұшып шығып, қалғаны шылаққа өтіп болат болады.

7. Болат термиялық өңдеулердің технологиясы. Жоғарыда айтылғандай, машина жасау өнеркәсібінде қолданылатын болаттарды конструкциялық болаттар деп атайды. Олар бірнеше түрге бөлінеді.

8. Легірленген болаттар. Легірленген болат деп, оның механикалық қасиеттерін (беріктігін, тозуға төзімділігін, жұмыс істеу қабілеттілігін) жоғарылату үшін құрамына түрлі қоспалар қосылған болаттарды айтады.

9. Хромды болаттар. Көміртекті болаттарға қарағанда беріктігімен, тозуға, тоттануға төзімділігімен көзге түседі. Осы қасиеттеріне қарамай және арзанға түсетіндіктен, мұндай болаттар машиналардың көптеген бөлшектерін жасау үшін кеңінен қолданылады.

10. Легірлейтін болаттарды классификациялау және маркалау. Легірленген болаттар легірлеуші элементтердің мәні мен саны бойынша, құрылымы мен арналған мақсаты бойынша классификациялауға жатқызылады.

11. Аспап жасалатын легірленген болаттар және қатты қорытпалар. Аспап жасалатын легірленген болаттардан кесетін, өлшейтін және соғып-штампілейтін аспаптар

жасайды. Кесетін аспапқа арналған болат өте жоғары қаттылықта болуы шарт, яғни 62 HRC-ден кем болмауы керек, қызуға төзімді болуы тиіс, кесілетін металл қатты қызып тұрғанның өзінді ол өзінің қаттылығы мен кескіш қасиетін сақтауы тиіс.

12. Ұнтақты металлургия. Ұнтақты металлургияның негізгі процестері металл ұнтақтарын даярлау, ұсақтау және оларды араластыру, бұл дайындамаларға калыптау және дайындамаларды термиялық өңдеу болып табылады. Термиялық өңдеу нәтижесінде ұнтақтар жентектеліп күйдіріледі және дайындамалар қажетті механикалық беріктікке ие болады.

13. Мыс және оның қорытпалары. Мыс негізіндегі қорытпалары жез және қола болып бөлінеді. Қолалар бір фазалы және екі фазалы болады. Бір фазалы қысым арқылы жақсы өңделетіндіктен одан табақ, шыбық, труба сияқты дайындамалар жасалса, екі фазалының құйылу қасиеттері жоғары.

14. Алюминий және оның қорытпалары. Алюминий – ақ күміс түсті, тығыздығы $2,7\text{г/см}^3$, 660°C температурада балқитын металл. Күйдірілген күйінде оның берктігі $\sigma=80\div100\text{МПа}$, созылғыштығы $\delta=45\%$ жоғары, онша қатты емес $\text{HB}=25\text{-}30$, жылу мен электрді жақсы өткізеді және тот баспайды. Деформацияланатын алюминий қорытпалары. Құйма өндіретін алюминий қорытпаларының.

15. Магний, титан және оның қорытпалары. Деформацияланатын магний қорытпаларынан. Құймалы магний қорытпаларының. Титан және оның қорытпалары.

16. Түсті металдар өндірісі. Темір және оның қорытпалары мен хром, марганецтен басқа металдардың бәрі түсті металдарға жатады. Қара металдарға қарағанда түсті металдар жер қойнауында кемірек кездеседі де, өндірілуі күрделі болғандықтан және таза күйінде беріктілігінің төмендігінен машина жасау өндірісінде негізінен олардың қорытпалары қолданылады.

17. Ағаш, оның түрлері мен қасиеттері. Құрылымдық материалдарды – бұл машина тетіктерін, механизмін, ғимараттарды және басқа технолоиялық объектілерді дайындауға қолданылатын материалдар. Құрылымдық материалдар материал табиғатына, технологиялық қолданылуына және жұмыс жағдайына қарай жіктеледі.

18. Көміртекті болаттар. Көміртекті болаттарды топтастыру мен маркалау. Көміртекті болат қасиетіне легірлеуші элементтердің тигізетін әсері. Термиялық өңдеудің мәні

19. Электр пештерінде болат өндіру. Электр пештерінде өндірілген болаттың өзіндік құны басқа пештерде өндірілген болаттың өзіндік құнынан жоғары. Өйткені электр пештері электр энергиясын көбірек жұмсайды. Болатпен қорытпалар қорытуға арналған электр пештері доғалы, индукциялы, кедергілі болып үш топқа бөлінеді. Құрылысы қарапайым, болат қорытуға қолайлы және пайдалы әсер коэффициенті жоғары болғандықтан, аталған пештердің ішінде электрометаллургияда сыйымдылығы 0,5 -180 тонналық доғалы пештер жиі қолданылады.

20. Құрал-саймандық болаттар. Аспап жасалатын легірленген болаттардан кесетін, өлшейтін және соғып-штампылейтін аспаптар жасайды. Ұнтақты металлургияның негізгі

процестері металл ұнтақтарын даярлау, ұсақтау және оларды араластыру, бұл дайындамаларға калыптау және дайындамаларды термиялық өңдеу болып табылады.

21. Титан және оның қорытпалары. Титанның механикалық қасиеттерін арттыру үшін Al, Cr, Mo, Ni, V, Zr, Sn сияқты элементтермен легірлейді. Легірлеу мен термиялық өңдеу арқылы титан қорытпаларының соылғандағы беріктік шегін 1300-1600 МПа-ға жеткізуге болады.

22. Силикаттар. Силикаттар (лат. Silex – шақпақ) кремнийлі қышқылдардың тұздары С-дың құрамында $[SiO]$ тетраэдрлік иондар немесе тетраэдрдың бір – бірімен қосылуының нәтижесінде түзілген күрделі иондар болады. Силикаттар табиғатта кең тарған, жер қыртысы массасының шамамен $\frac{3}{4}$ бөлігімен барлық белгілі минералдардың шамамен $\frac{1}{3}$ бөлігін құрайды (дала шпаттары, слюдалар, саз, сирек кездесетін берилл, поллуций циркон т.б). Силикаттар керамика, цемент, әйнек, асбест, содалар, кейбір металдарды алудағы негізгі шикізат.

23. Керамика. Керамика өндірісінің негізгі шикізаты – саз. Саз ішінде мөлшері 5 мм – ден астам тастар болса, машинадан өткізіліп не тазартылады, не уатылады. Ұсақ түйірлі керамикалық бұйымдар дайрлау үшін күйдіргенде түсі ағаратын балшықтар, ақ саздар (каолиндер), кварц, дала шпаты, т.б қоспасыз сапалы шикізаттар қолданылады. Керамикалық масса дайындалуы жағынан сұйық, илемдік, жартылай құрғақ болып келеді. Керамиканы қалыпқа құю әдісі бұйымның түріне қарай таңдап алынады.

24. Шынының физикалық – химиялық қасиеті. Шынының физикалық – химиялық қасиеті оның құраушыларына тәуелді. Шыныға тән қасиет- оның мөлдірлігі (терезелік шынының мөлдірлігі 83-90 % , оптика шынынікі – 99,95 %). Шынының беріктігін арттыру үшін ол әртүрлі өңдеуден (физикалық, химиялық, термиялық) өткізіледі. Шыны өндірісі шикізатты дайындау, шихта алу, шыныны балқыту (қайнату), түзілген шыны массасын суыту, шыны массасын қалыпқа салып бұйым алу, бұйымды күйдіріп өңдеу сияқты процестерді қамтиды.

25. Мыс және оның қорытпалары. Мыс қызыл түсті, тығыздығы $8,9 \text{ г/см}^3$, балку температурасы 1084°C металл. Жасытылған күйінде оның беріктігі $\sigma_A=250 \text{ МПа}$, қаттылығы $HB=45$, созылғыштығы $\delta=50\%/$ жоғары, жылу мен электр тоғын жақсы өткізетін, қасиеттері бар. Мыс негізіндегі қорытпалары жез және қола болып бөлінеді.

26. Кварц. Кварцит – кварц түйіршіктерінен тұратын метаморфталған тау жынысы. Құрамында кварцтан басқа слюда, турмалин, силлимонит, диаспор, топаз, андалузит, хлорит, дала шпаттары, т.б минералдар кездеседі. Кварцит кремнийлі тұнбалардың аймақтық метаморфизмге ұшырауынан, қышқыл құрамды жанартаулық жыныстардың метасоматоздық жолмен өзгеруінен түзіледі. Олар әртүрі метаморфтық тау жыныстарының арасында тұтас қабат түрінде орналасады. Мұндай қабат протерозой түзілімдерінде жиі кездеседі. Кварцитпен темір, молибден, алтын, қорғасын, мырыш т.б көптеген кен орындары байланысты. Құрамында SiO_2 мөлшері жоғары кварцит пен алюмокварциттер отқа төзімді материалдар жасауға, металлургияда флюс ретінде, құрылыс материалдары ретінде пайдаланылды.

27. Әйнектер және олардың негізгі қасиеттері. Әйнектердің түрлері. Әйнек жасау технологиясы. Әйнектен бұйымдар жасау.

28. Ағаштың негізгі қасиеттері. Ағаштың физикалық қасиеттері. Ағаштың химиялық қасиеттері. Ағаштың механикалық және технологиялық қасиеттері.

29. Ағаштан бұйымдар жасау технологиясы. Ағаштарды өңдеудің негізгі әдістері. Ағаштарды желімдеудің маңызы . Ағаштан бұйымдар жасау кезінде пайдаланылатын желімдердің классификациясы.

30. Қара және түрлі түсті өндіріс. Отқа төзімді материалдар, кендер, отындар, флюстер. Металдарды алудың негізгі тәсілдері. Кендер және олардың құрамы. Кендерді байыту және дайындау. Шойын өндірісі.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. Материалтану. Материалдар мен конструкциялық материалдар технологиясы [Мәтін] / М.Н. Немеребаев.- Алматы: CyberSmith, 2017.- 1электр. опт. диск.
2. Конструкциялық материалдар технологиясы [Мәтін] / С.С. Каримов.- Алматы: CyberSmith, 2017.- 1электр. опт. Диск
3. Материалтану. Материалдар мен конструкциялық материалдар технологиясы [Мәтін] / М.Н. Немеребаев.- Алматы: CyberSmith, 2017.- 1электр. опт. диск

2 модуль: Кәсіби білім беру жүйесіндегі педагогикалық менеджмент

1. Кәсіби оқыту жүйесіндегі педагогикалық менеджмент пәні мен әдістері. Менеджмент кәсіби қызметтің ерекше түрі ретінде. Басқару туралы ғылымның дамуы, басқару ой-пікірінің эволюциясы: менеджменттің шетелдік теориялары мен тұжырымдамалары. Қазіргі менеджменттің мәні мен сипаттамасы. Менеджменттің американдық, жапондық және батыс еуропалық типтеріне ортақ.

2. Кәсіби білім берудегі басқарудың жүйелік тәсілдің негіздері. Педагогикалық менеджменттің басқару қызметінің айрықша түрі ретіндегі мәні мен ерекшеліктері. Педагогикалық менеджмент теориясының негізгі түсініктері. Педагогикалық менеджмент мақсаттары мен міндеттері. Педагогикалық менеджмент әдістері.

3. Педагогикалық менеджменттің заңдылықтары. Оқу-тәрбие жұмысын басқару жүйесі қызметі тиімділігінің басқарудың субъектісі мен объектісі арасындағы құрылымдық-қызметтік байланыстар деңгейіне тәуелділігі. Оқу-тәрбие жұмысын басқару мазмұны мен әдістерінің мектептегі педагогикалық үдеріс мазмұнының сипаты мен оны ұйымдастыру әдістеріне шарттылығы.

Басқарудың талдау жасау, мақсаттылық, гуманистілік, демократтылығы және мектеп басшыларының басқару қызметінің әр түрлеріне әзірлігі.

4. Педагогикалық менеджменттің ұстанымдары. Басқару ұстанымдары басқару заңдылығының нақты көрінісі мен бейнесі ретінде. Педагогикалық жүйелерді басқарудың демократизациялау мен гуманизациялау ұстанымдары. Өкілеттіктерді табыстау. Мектепті басқарудағы жүйелілік пен тұтастық. Орталықтандыру мен жекеленуді саналы түрде үйлестіру. Жеке басқару мен ұжымды басқарудың бірлігі.

5. Мектептегі жаңашылдықты басқару. Мектептегі жаңалық және жаңашылдық үдерісі. Қазіргі мектептегі жаңашылдық үдерісті басқару ерекшеліктері. Педагогикалық іс-әрекеттің жаңашылдық бағыттары: басқарудың заңдылықтары мен қағидалары. Жаңалық, жаңашылдық және жаңалықты ендіру: дамудың ерекшеліктері мен кезеңдері.

6. Мектеп - басқарудың педагогикалық жүйесі және нысаны ретінде. «Жүйе» түсінігінің анықтамасы және оның негізгі қасиеттеріне сипаттама. Педагогикалық жүйенің құрамдары. Әдістемелік жүйе, оның құрылымы, негізгі құрастырушылардың анықтамасы. Әдістемелік жүйенің мақсаты. Педагогикалық үдеріс. Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру формасы және құралдары, әдістері мен білім беру мазмұны. Мәдени-білім беру ортасы. Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру технологиясы. Педагогикалық жүйенің жалпы белгілері.

7. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін диагностикалау. "Диагностика" ұғымының мәні. Педагогикалық диагностика түсінігі. Тұтас педагогикалық үдерістің диагностикасы.

Педагогикалық үдерістің негізгі сипаттамалары және олардың көрсеткіштері.

Білім беру үдерісін бақылау технологиялары. Мектепшілік бақылаудың принциптері, түрлері, әдістері, мазмұны.

8. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін жоспарлау. Жоспарлау - мектепті басқарудың функциясы ретінде. Педагогикалық үдерістің жағдайы туралы ақпаратты мектеп жұмысында барлық түрлерін жоспарлау үшін пайдалану. Мектептің жұмысын жоспарлаудың барлық түрлерінің (мектепшілік жоспар, педагогикалық және әдістемелік кеңестердің, пәндік бірлестіктердің жұмыс жоспарлары, тақырыптық және сабақ жоспарлары, сынып жетекшілерінің жұмыс жоспарлары және т. б.) орындалуын бақылау мазмұны мен түрлерінің бірлестігі.

9. Мектептегі әдістемелік қызмет және мұғалімдерді аттестациялау. Мектептегі әдістемелік қызметті ұйымдастыру формалары мен қағидалары. Жас мұғалімдер мектебі. Тәлімгерлік. Педагогикалық шеберлік мектебі. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені жалпылау. Мұғалімдерді жаңашыл педагогикалық іс-әрекетке тарту. Мұғалімдердің кәсіби күзіреттіліктерін қалыптастырудағы өзіндік білімнің рөлі. Тұтас педагогикалық процесс және әрбір мұғалімнің кәсіби даму жетістігінің диагностикасы. Мұғалімдердің педагогикалық портфолиосын қалыптастыру аттестацияға дайындау шарты ретінде. Аттестацияны рәсімдеу, қазіргі кездегі талаптар.

10. Технологиялық тәсіл негізінде мектепті басқару. Мектепшілік басқару жүйесі-ұйымдық құрылымы мен қызмет ретінде. Басқару жүйесін дамыту мен әрекеттестіру шарты мен қағидалары. Басқару жүйесінің мақсаты мен негізгі міндеттері. Мектептегі рухани-психологиялық климат. Басқарудың негізгі қағидалары. Басқару жүйесінің құрылымы.

11. Педагогикалық ұжым басқарудың объектісі мен субъектісі ретінде. Педагогикалық ұжым – дамудың нақты заңдылығымен әрекет ететін феномен. Педагогикалық ұжым білім беру сапасын басқарудың объектісі мен субъектісі ретінде.

12. Педагогикалық қарым-қатынас және басқару этикасы. Басқарушылық қарым-қатынас, оның түрлері. Іскерлік қарым-қатынас технологиясы педагогикалық менеджменттің құралы ретінде. Жалпы этикалық принциптері және іскерлік қарым-қатынас сипаты. Педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынас ерекшеліктері: ресми және бейресми қарым-қатынас түрлері. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті. Менеджменттегі вербальды емес коммуникацияның ерекше рөлі. Басқару этикасы: ұғымы, принциптері мен мәні. Білім беру мекемесінің басшысының ұжыммен қарым-қатынас этикасы. Дұрыс коммуникацияға кедергі келтіретін себептердің сипаттамасы.

13. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісінде қақтығыстарды басқару. Қақтығыс – әлеуметтік-қоғамдық құбылыс. Педагогикалық және теориялық қақтығыс туралы түсінік. Педагогикалық ұжымдағы қақтығыстардың түрлері мен ерекшеліктері, элементтері мен субъектілері. Тұлғааралық қарым-қатынастағы қақтығыс үстемдігі сипаттамасы, себептері.

14. Білім беру менеджерінің көшбасшылығы және көшбасшылық қасиеті. Көшбасшылық мәселесі педагогикалық менеджменттің маңызды мәселесінің бірі ретінде. Білім беру үдерісін басқарудағы көшбасшылық түсінігінің мазмұны. Көшбасшылық түсінігінің туындауына талдау жасау. Білім беру үдерісінде көшбасшылық- өнер және шеберлік ретінде. Мектептегі көшбасшылықтың типтері және сипаттамасы. Тиімді көшбасшылық және көшбасшылық қасиет. Көшбасшылық басқарудың мәнері ретінде.

15. Кәсіби білім беру жүйесінің бағалау құқықтылығы, мазмұны, технологиясы және менеджмент жүйесіндегі бақылау жолдары. Кәсіби оқыту принциптері. Кәсіби оқытудың әдістері мен тәсілдері. Кәсіби оқу әдістері. Кәсіптік оқыту құралдары мен олардың түрлері. Кәсіби оқытуды ұйымдастыру формалары. Кәсіптік білім саласындағы педагогикалық технологиялар

16. Басқару ғылымының пәні мен әдістері. Кәсіптік білім беру оқу орындарында оқушылар мен студенттердің білім, білік және дағдыларын бақылаудың объективті әдістері. Педагогикалық тестілеу кәсіби білімнің сапасын объективті диагностикалау әдісі.

17. Менеджмент эволюциясы.Тәрбие заңдылықтары мен қағидалары.Кәсіптік мектептердегі тәрбиелеу принциптерінің ерекшеліктері. Кәсіптік мектептің оқушылар ұжымы мен оның ерекшеліктері. Кәсіптік білім беру жүйесіндегі тәрбие жұмысының ерекшелігі

18. Басқарудағы жүйелік тәсілдің негіздері. Кәсіптік мектептердегі кәсіби бағдар беру жүйесі.Кәсіптік мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін дамыту ерекшеліктері

19. Басқарудың ұйымдастыру-құқықтық нысандары.Педагогикалық менеджмент туралы ұғым. Кәсіптік білім беруде педагогикалық менеджменттің негізгі міндеттері мен мақсаттары.Білім беру менеджері қызметінің принциптері мен әдістері. Білім беру менеджерінің кәсіби біліктілік өлшемі.

Педагогикалық жүйенің тиімділігін арттыруда менеджердің рөлі.

20. Экономикалық басқару әдістері.Кәсіптік мектеп оқушыларының теориялық білім беру процесін басқару. Оқушылардың өндірістік оқыту және өндірістік практикасына басшылық жасау. Кәсіптік мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарына ішкі бақылауды ұйымдастыру.

21. Басқарудың әлеуметтік-психологиялық әдістері.Оқушылар ұжымы және оның қалыптасу кезеңдері. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы, оның мақсаттары мен міндеттері.Өзін-өзі басқару органы құрылымы. Кәсіптік мектептердегі оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын ұйымдастыру мен жетілдіруде топ жетекшісі мен өндірістік оқыту шеберінің қызметтері.Кәсіптік білім мекемесі әкімшілігі және оқушылардың өзін-өзі басқаруы.

22. Ұйымдастыру менеджмент функциясы ретінде. Кәсіпке баулу бағдарламаларын түзудің ғылыми теориялық негіздері. Кәсіпке баулу мазмұнын іріктеудегі жалпы тәсілдер. Оқыту мазмұнын макро және микро деңгейде құрылымдау.

23. Менеджменттегі жоспарлау. Педагогикалық процестердің маңызы, құрылымы мен жобалануы. Кәсіпке баулудың қағидалары, құрамы, өзара ықпалы және оларды оқу-тәрбие процесінде жүзеге асырудың ерекшеліктері. Кәсіпке баулудың жүйелері туралы түсінік және олардың элементтері. Оқушыларды кәсіпке баулудың негізгі жүйелерінің сипаттамасы.

24. Менеджменттегі мотивация.. Қазіргі оқу-тәрбие процесінде кәсіпке баулу мұғалімдерінің (оқытушыларының) қызметтік міндеттері және құқығы.Еңбекке және кәсіпке баулу бойынша (мектепте, ауданда, қалада, облыста) әдістемелік жұмыстар жүйесі. Кәсіпке баулу мұғалімдерінің (оқытушыларының) даярлығы және олардың біліктілігін жетілдіру.

25. Менеджмент жүйесіндегі бақылау. Ғылыми зерттеулерді басқару. Кәсіби педагогикадағы зерттеу әдістері. Кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары. Шет елдердегі кәсіптік білім беру.

26. Менеджменттің маңызы, оның кәсіби білім беру жүйесіндегі рөлі мен орыны. Менеджменттің ғылым ретінде пайда болуы, дамуы және тарихы, оның кәсіби білім беру жүйесіндегі түрленуі. Ғылыми менеджмент мектептері. Пәннің ұғымдық аппараты. «Менеджмент» ұғымына берілген анықтама түрлері. Менеджмент кәсіби білім беру жүйесіндегі интеграциялау үрдісі ретінде.

27. Кәсіби білім беру мекемелеріндегі басқаруға жүйелі көзқарастар.Әлеуметтік-педагогикалық жүйелер, ұғымдар және түрлер. Жүйелердің табиғаты және маңызы, олардың түрлері және даму заңдылықтары. Педагогикалық жүйе әлеуметтік жүйенің түрі ретінде, оның атқарушы құрамдастары: мақсаты, мазмұнды, қызметі, талдау-нәтижелік. Педагогикалық үрдіс динамикалық жүйе ретінде, педагогикалық үрдістің қозғаушы күштері.

28. Жүйе және басқару. Білім беру жүйелерін басқару. Басқару қызметі ұғымы және маңызы. Басқарудың негізгі мақсаты және міндеттері. Басқару үрдісінің циклді сипаты. Білім беру мекемелерін басқару қағидалары. Білім беру мекемелерін басқару функциялары (мақсаттылығы және жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру және реттеу, мекеменің жұмысын есепке алу, жұмысты бақылау және талдау жасау). Басқару әдістері: психологиялық-педагогикалық, ұйымдастыру-ұйғарымдық, экономикалық. Білім беру мекемелерін басқарудың құрылымы. Басқару құрылымын моделдеу. Білім беру мекемелерін басқару құрылымын анықтайтын факторлар.

29. Педагогикалық менеджментте білім беру сапасын басқару. Білім беру мекемелерін басқарудың ғылыми-теориялық негіздері және басқарудың әдіснамасы. Сапа менеджменті жүйесі (СМЖ), оны білім беруді және білім беру үрдісін жоспарлауға, басқаруға, білім беру нәтижелерінің сапасын бағалауға ендіру.

30. Педагогикалық менеджментті ақпараттық қамтамасыз ету. Ақпарат ұғымы, оның педагогикалық менеджменттегі рөлі мен маңызы. Басқарушылық ақпарат. Білім беру саласы басқарушыларының ақпараттық қажеттілігі. Ақпараттық қажеттілікті қалыптастыруға әсер ететін объективті және субъективті факторлар. Менеджментті ақпараттық қамтамасыз етудің тиімділігі. Жаңа ақпараттық технологиялар, оларды басқару қызметін ақпараттандыру үрдісінде қолдану.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Менеджмент [Текст]: Электронное учебное пособие / С.Ш. Бисенова.- Талдықорған: ЖГУ им.И.Жансугурова.- 1 электр.опт. диск.2016
2. 5. Арнайы білім берудегі педагогикалық менеджмент [Мәтін]: Дәрістер курсы / Г.Н. Жолтаева.- Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2015.- 46б.

3. Жалпы педагогика: Оқулық – Алматы: ССК, 2017 – 248 б. <http://res.epigraph.kz>
<http://res.epigraph.kz/activate/1f65d557f8a44fe1f08877d201edf01ac3bab70a/>

3 модуль: Оқушылардың бейіндік оқытуын ұйымдастыру

1.Педагогикалық ғылымдар жүйесінде бейіндік білім берудің педагогикасы. Оқу пәнінің мақсаттары мен міндеттері. Кәсіптік оқыту мұғалімдерін оқытуда «Оқушылардың Бейіндік оқуын ұйымдастыру» пәнінің орны. Жалпы орта білімнің мазмұнын негіздерін реттеуге және білім сапасын арттыруға мемлекеттік білім беру стандарттарының рөлі.

2.Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының міндеттерін орындаудағы бейіндік оқыту. Мектеп білімін әлеуметтік-экономикалық қоғамдық жағдайында қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту бағыттарының бірі ретінде, 12 жылдық оқытуға көшу жағдайында жалпы білім беретін мектептің Бейіндік оқытуды енгізудің өзекті мәселелері.

3.Бейіндік оқытуды ұйымдастырудағы халықаралық тәжірибені талдау. Әлемдік тәжірибеде Бейіндік білім берудің саралануының мәні. Жақын және алыс шетелдегі экономикалық және индустриалды дамыған елдердегі Бейіндік білім беру жүйесі. Ресей тәжірибесін алдын-ала кәсіби дайындық бойынша дифференциалды оқыту тәжірибесі. Қазіргі заманғы құрылымы.

4.Бейіндік оқытудың мазмұны мен мәні. Бейіндік оқытудың категориялы тұжырымдамалары. Бейіндік оқытуды жүзеге асырудың мазмұны мен формалары. Жоғарғы сынып оқушыларының бейіндік оқытудың (аймақтық, өзгермелілік, дербестендіру, дифференциациялау, өнімділік және қолжетімділік) негізгі қағидалары. Мектеп оқушылары мен кәсіптік бағдар берудің алдын-ала бейіндік және әдістемелік сұрақтары.

5.Бейіндік оқытуды қалыптастырудың үлгілері оқушылардың заманауи кәсіби және тәрбиелік себептері мен қажеттіліктері. Педагогикалық жүйелер мен стратегиялар бейіндік оқытуды ұйымдастырудағы жетістікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жергілікті және аймақтық жағдайларды ескере отырып, қазақ мектебінде бейіндік оқытуды қалыптастыру мүмкіндігін талдау.

6. Технологиялық білім беру жүйесінде мектеп оқушыларын анықтау
Технологиялық білім беру жүйесінде бейіндік білім беруді жетілдіру және жетілдіру қажеттілігі. «Технология» білім беру аймағының мазмұнының ерекшелігін ескере отырып, технологиялық білім беру жүйесінде бейіндік оқытудың мәні. Технологиялық білім беру жүйесінде бейімдеудің кескіндік тақырыптық бағыттары

7.Бейіндік оқытуды психологиялық-педагогикалық қолдау. Бейіндік оқытуға көшудің психологиялық-педагогикалық қолдауының негізгі бағыттары мен міндеттері Бейіндік оқытудың психологиялық-педагогикалық қолдауының мәні. Бейіндік оқытуды жеке-бағытталған және жүйеге бағдарланған психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері.

8.Бейіндік психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің диагностикалық әдістері және олардың сипаттамалары.Студенттермен жұмыс істеу үшін сауалнама бейімделген

нұсқалары. Инновациялық технологияларға өмірлік құндылықтарды жіктеу. «Социологиялық зерттеу» психологиялық іс-шараларын өткізу ерекшеліктері. Қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін диагностикалау әдістемесі.

9. Оқушылардың кәсіби мүдделері мен бейімділігін диагностикалауға негізделген бейіндік топтарды іріктеп алудың негізгі тәсілдері. «Бейін», «Ойлау түрі» және «Сауалнама» әдістері. Оқушылардың кәсіби мүдделері мен бейімділігін диагностикалауға негізделген бейіндік топтарды іріктеп алу тәртібіне әсер ету әдістері. бейіндік сабақтарды таңдау тәртібі.

10.Бейіндік оқытуды ұйымдастыру (алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе негізінде) Ғылымаралық синтез негізінде бейіндерді қалыптастыру жолдары. Ғылымаралық ғылыми синтездің түрлері: пәнаралық, ішкі (интрациклондық), интербелсенді (циклдік). Арнайы бейінге қатысты пәнаралық байланыстарды «орналастыру» (міндетті емес).

11.Жалпы білім беретін мектепте бейіндік білім беруді ұйымдастыру үшін жүйелік тәсіл және мектеп ішіндегі дифференциация.Педагогикалық жүйе ретінде мектептегі бейіндік білім беру ұйымының моделі. Бейіндік оқытуды басқару.

12.Бейіндік оқытуды енгізудің инновациялық процесі. Бейіндік оқытуды қамтамасыз ету шарттары. Дифференциалды білімнің жалпы ерекшеліктері. Бейіндік оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық модельдерінде жазылған жүйелік сипаттамалар.

13. Оқу бағдарламасын модельдеу, бейіндік оқыту бағдарламаларын әзірлеу және сараптау. Мемлекеттік оқу стандартының бөлігі ретінде оқу жоспары. Мектеп бағдарламасының өзіндік талдау компоненттері.

14.Бейіндік оқыту бағдарламаларының функционалдық мақсаттары мен қағидалары. Бейіндік оқу бағдарламаларының сапасына қойылатын мағыналық талаптар. Бейіндік оқыту бағдарламаларының мазмұнын анықтауға және құрылымына қойылатын талаптар. Бейіндік оқыту бағдарламаларын сараптамалық бағалау әдістері.

15. Бейіндік білім беру мазмұнын анықтауға көп деңгейлі тәсіл және көп деңгейлі курсты құрастыру қағидалары . Бейіндік білім берудің оқу бағдарламаларының мазмұнын оның түрлеріне тәуелділігі. Түрлі деңгейдегі курстар түрлері. Көп деңгейлі бейіндік курстарды жобалаудың жетекші қағидалары. Бейіндік курстардың әртүрлі деңгейлері үшін мазмұнды таңдау критерийлерінің айрықша ерекшеліктері.

16. Оқушылардың бейінін таңдау және жеке оқу жоспарын құру тәртібі. Мектеп оқушыларының саналы түрде таңдауын және болашақ мамандығын дамытуды қамтамасыз ететін факторлар. Бейіндік ұйымдастыру тәртібі және оқушылардың бейіндік таңдау тәртібі туралы құжаттама. Бейіндік білім беруді жүзеге асыратын мектепте жеке оқу жоспарларын енгізу.

17. Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың формалары, әдістері, технологиялары және нормативтік базасы. Мектептегі практикада бейіндік оқытуды ұйымдастырудың формалары. Мектеп оқушыларының білім беру бейінін дұрыс таңдау үшін кәсіптік кеңес беру және кәсіби таңдау.

18. Арнайы білім беруді оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістері. Бейіндік оқыту технологиясының жалпы сипаттамасы. Қашықтан оқыту технологиялары. Интернет-ресурстар мен технологиялар. Электронды білім беру ресурстары. Ойын технологиялары. Дөңгелек үстелдер, тренингтер, шығармашылық жобалар. Мақалалар, ғылыми рефераттар, «портфолио», презентациялар, шағын топтық технологиялар, модульдік технологиялар

19.Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасы. Жоғары білім мазмұнын реттейтін құжаттар.

20. 12 жылдық мектептегі бейіндік білім мазмұнын сипаттау Орта жалпы білім берудің жоғарғы сатысы жұмысының ұйымдастырушылық негізі ретінде оқушыларды оқыту процесін саралау мен даралау арқылы оқушылардың қызығушылығын, қабілеттерін ескере отырып оқыту.

21. Жаһандану жағдайында мектептегі бейіндік білім беруді ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесі, ұлттық білім беру жүйесін жаңғыртудың нақты алғышарттары туралы. Алдын ала дайындықты және бейіндік оқытуды ұйымдастырудағы халықаралық тәжірибе.

22. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беруде бейіндік білім беруді дамыту тенденциялары. Жаңа білім философиясы. Аударма үшін негіз ретінде заманауи жеке тұлғаны тәрбиелеу парадигмасы арнайы білім беретін орта мектеп. Қазіргі мектепте бейіндік білім беруді енгізудің қажеттілігі. Орта жалпы білім беру жүйесінде мамандандырылған білім беру.

23. Бейіндік білім беру үлгісі. Бейіндік білім беру моделінің даму ерекшеліктері бейіндік оқытуды ұйымдастырудың мүмкін нысандары. Арнайы мектептердің түрлері. Көп бейінді орта мектептің педагогикалық процесінің моделі.

24. Ресурстық орталықтың мақсаты, міндеттері .Құрылымы Ресурстық орталықтың құрылымдық бөлімшелерінің мазмұны.

25. Бейіндік білім мазмұны. Оқу бейінін қолдауға арналған бірқатар тұжырымдамалық құжаттарды құру. Бейіндік оқытуды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, Бейіндік білім мазмұнын анықтайтын нормативтік құжаты.

26. Бейіндік білім берудің негізгі оқу жоспары. Инвариантты, ауыспалы, жеке құрамдастар. Тренингке бейімдеу бағыттары, оқыту профилдері, Бейіндік пәндер. Бейіндік білім беру бойынша элективті курстар. Зерттеу жобасы жоба алдындағы дайындықтың жетекші қызметі ретінде. Жеке Бейіндік білім беру бағыты.

27. Біліктілік бейіндік білім берудегі жаңа өлшемдердің бірі ретінде. «Құзыреттілік», «құзыреттілік» терминдерінің мазмұны. Негізгі тақырып және негізгі құзыреттілік.

28. Бейіндік білім берудің тұтас педагогикалық процесі. Педагогикалық үдерістің ерекшеліктері, құрылымы, компоненттері Бейіндік білім берудің педагогикалық үрдісі.

29. Бейіндік білім берудің педагогикалық процесінің қағидалары. Педагогикалық үдерістің қағидалары. Бейіндік білім берудің педагогикалық процесінің қағидалары. Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың жетекші қағидаларының бірі ретінде нұсқауды даралау принципі. Дифференциация қағидаты бейіндік оқыту үлгісінің негізі болып табылады. Дифференциация түрлері.

30. Бейіндік оқытудағы білім беру технологиялары «Педагогикалық технологиялар». Кейбір жаңа білім беру технологиялары Дәстүрлі білім беру технологиялары.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бейінді оқытуды ұйымдастыру жүйесі [Электронный ресурс]: Әдістемелік құрал / Жолдасбекова С. А, Конакбаева У. Ж, Гапонова С. С.- Шымкент, 2013.- 1 опт. диск
2. Критериалды бағалау технологиясы : Оқу құралы. Алматы: Эпиграф, 2016. - 140 б. РМЭБ
3. Кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесі [Мәтін] / Д.Д. Есимова.- Алматы: CyberSmith, 2017.- 1электр. опт. диск.

1 модуль: Салалы материалтану және материалдарды конструкциялау технологиясы

1. Конструкциялық материалдардың технологиясы.
2. Металтану негіздері. Таза металдардың құрылысы және физикалық қасиеттері.
3. Металдар құрылысы.
4. Қорытпалардың теориясы.
5. Пластикалық деформация.
6. Болат өндірісі.
7. Болат термиялық өңдеулердің технологиясы.
8. Легіріленген болаттар.
9. Хромды болаттар.
10. Легірлейтін болаттарды классификациялау және маркалау.
11. Аспап жасалатын легіріленген болаттар және қатты қорытпалар.
12. Ұнтақты металлургия.
13. Мыс және оның қорытпалары.
14. Алюминий және оның қорытпалары.
15. Магний, титан және оның қорытпалары.
16. Түсті металдар өндірісі.
17. Ағаш, оның түрлері мен қасиеттері.
18. Көміртекті болаттар.
19. Электр пештерінде болат өндіру.
20. Құрал-саймандық болаттар.
21. Титан және оның қорытпалары.
22. Сликааттар.
23. Керамика.
24. Шынының физикалық – химиялық қасиеті.
25. Мыс және оның қорытпалары.
26. Кварц.
27. Әйнектер және олардың негізгі қасиеттері.
28. Ағаштың негізгі қасиеттері.
29. Ағаштан бұйымдар жасау технологиясы.
30. Қара және түрлі түсті өндіріс.

2 модуль: Кәсіби білім беру жүйесіндегі педагогикалық менеджмент

1. Кәсіби оқыту жүйесіндегі педагогикалық менеджмент пәні мен әдістері.
2. Кәсіби білім берудегі басқарудың жүйелік тәсілдің негіздері.
3. Педагогикалық менеджменттің заңдылықтары.
4. Педагогикалық менеджменттің ұстанымдары.
5. Мектептегі жаңашылдықты басқару.
6. Мектеп - басқарудың педагогикалық жүйесі және нысаны ретінде.
7. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін диагностикалау.
8. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін жоспарлау.
9. Мектептегі әдістемелік қызмет және мұғалімдерді аттестациялау..
10. Технологиялық тәсіл негізінде мектепті басқару.
11. Педагогикалық ұжым басқарудың объектісі мен субъектісі ретінде.
12. Педагогикалық қарым-қатынас және басқару этикасы.
13. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісінде қақтығыстарды басқару.
14. Білім беру менеджерінің көшбасшылығы және көшбасшылық қасиеті.
15. Кәсіби білім беру жүйесінің бағалау құқықтылығы, мазмұны, технологиясы және менеджмент жүйесіндегі бақылау жолдары.

16. Басқару ғылымының пәні мен әдістері.
17. Менеджмент эволюциясы.
18. Басқарудағы жүйелік тәсілдің негіздері.
19. Басқарудың ұйымдастыру-құқықтық нысандары.
20. Экономикалық басқару әдістері.
21. Басқарудың әлеуметтік-психологиялық әдістері.
22. Ұйымдастыру менеджмент функциясы ретінде.
23. Менеджменттегі жоспарлау.
24. Менеджменттегі мотивация..
25. Менеджмент жүйесіндегі бақылау.
26. Менеджменттің маңызы, оның кәсіби білім беру жүйесіндегі рөлі мен орыны.
27. Кәсіби білім беру мекемелеріндегі басқаруға жүйелі көзқарастар.
28. Жүйе және басқару.
29. Педагогикалық менеджментте білім беру сапасын басқару.
30. Педагогикалық менеджментті ақпараттық қамтамасыз ету.

3 модуль: Оқушылардың бейіндік оқытуын ұйымдастыру

1. Педагогикалық ғылымдар жүйесінде бейіндік білім берудің педагогикасы.
2. Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының міндеттерін орындаудағы бейіндік оқыту.
3. Бейіндік оқытуды ұйымдастырудағы халықаралық тәжірибені талдау.
4. Бейіндік оқытудың мазмұны мен мәні.
5. Бейіндік оқытуды қалыптастырудың үлгілері оқушылардың заманауи кәсіби және тәрбиелік себептері мен қажеттіліктері.
6. Технологиялық білім беру жүйесінде мектеп оқушыларын анықтау
7. Бейіндік оқытуды психологиялық-педагогикалық қолдау.
8. Бейіндік психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің диагностикалық әдістері және олардың сипаттамалары.
9. Оқушылардың кәсіби мүдделері мен бейімділігін диагностикалауға негізделген бейіндік топтарды іріктеп алудың негізгі тәсілдері.
10. Бейіндік оқытуды ұйымдастыру (алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе негізінде)
11. Жалпы білім беретін мектепте бейіндік білім беруді ұйымдастыру үшін жүйелік тәсіл және мектеп ішіндегі дифференциация.
12. Бейіндік оқытуды енгізудің инновациялық процесі.
13. Оқу бағдарламасын модельдеу, бейіндік оқыту бағдарламаларын әзірлеу және сараптау.
14. Бейіндік оқыту бағдарламаларының функционалдық мақсаттары мен қағидалары.
15. Бейіндік білім беру мазмұнын анықтауға көп деңгейлі тәсіл және көп деңгейлі курсты құрастыру қағидалары.
16. Оқушылардың бейінін таңдау және жеке оқу жоспарын құру тәртібі.
17. Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың формалары, әдістері, технологиялары және нормативтік базасы.
18. Арнайы білім беруді оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістері.
19. Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасы..
20. 12 жылдық мектептегі бейіндік білім мазмұнын сипаттау.
21. Жаһандану жағдайында мектептегі бейіндік білім беруді ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесі, ұлттық білім беру жүйесін жаңғыртудың нақты алғышарттары туралы.
22. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беруде бейіндік білім беруді дамыту тенденциялары.
23. Бейіндік білім беру үлгісі.

24. Ресурстық орталықтың мақсаты, міндеттері.
25. Бейіндік білім мазмұны.
26. Бейіндік білім берудің негізгі оқу жоспары.
27. Біліктілік бейіндік білім берудегі жаңа өлшемдердің бірі ретінде.
28. Бейіндік білім берудің тұтас педагогикалық процесі.
29. Бейіндік білім берудің педагогикалық процесінің қағидалары.
30. Бейіндік оқытудағы білім беру технологиялары «Педагогикалық технологиялар».